

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ**

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»  
пәні бойынша**

**«Азаматтық іс жүргізудегі талаптың ұғымы,  
элементтері және түрлері» тақырыбында әзірленген  
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер  
кафедрасының аға оқытушысы,  
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында  
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ хаттама.**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

## **ЖОСПАР:**

### **Кіріспе**

1. Талаптың ұсымы, элементтері және тірлері
2. Талап негізін өзгертудің, талаптан бас тартудың және талапты мойындаудың негіздері
3. Талапты қамтамасыз ету шаралары. Жауапкер мідделерін қорғау

### **Қорытынды**

**Пайдаланылған нормативтік құқықтық актілер**

**Пайдаланылған әдебиеттер**

## Кіріспе

Азаматтық іс жүргізу заңнамасы бірінші сатыдағы сот өндірісінің үш түрін ажаратады. Оларға сәйкес азаматтық істер қарастырылады және шешіледі.

Осы сот өндірістеріне мыналарды жатқызамыз:

- талап қою бойынша іс жүргізу (Қазақстан Республикасының АПК 2 бөлімінің 2 бөлімшесінің 14-24 тараулары);
- ерекше талап қоюмен іс жүргізу (Қазақстан Республикасының АПК 2 бөлімінің 3 бөлімшесінің 25-29 тараулары);
- ерекше іс жүргізу (Қазақстан Республикасының АПК 2 бөлімінің 4 бөлімшесінің 30-40 тараулары)

Олар азаматтық іс жүргізуге қатысты, сонымен қатар өндірістердің бір бірінен ажыратуға болатын белгілерді қамтиды.

Азаматтық процесс – бұл сот пен процеске қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастардың күрделі жүйесі, әрқайсысы азаматтық іс жүргізу құқығының белгілі бір нормаларының негізінде пайда болады. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының міндетті субъектілері: бір тараптан – сот, екінші тараптан процеске қатысушылар болып есептеледі.

Азаматтық іс жүргізуге тек Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасының соттарында құқық туралы даулар қаралуға тиіс болса шетелдік құқық субъектілері де (шетелдіктер азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелдік заңды тұлғалар), халықаралық ұйымдар) тараптар болуы мүмкін. Азаматтық процеске бірнеше тараптар мен бірнеше қатысушылар қатыса алады.

Азаматтық іс жүргізудегі тараптар іске қатысушы тұлғалар қатарына жатады. (АПК-нің 44-бабы). Жеке тұлға болсын, заңды тұлға болсын (кәсіпорын, мекеме, ұйымдар) өздеріне келтірілген зиянды сот арқылы өндіріп алуға хақысы бар.

Азаматтық процесс азаматтық істі қарау және шешу кезінде сот пен басқа да субъектілер арасында қалыптасатын іс жүргізу құқық қатынастары пайда болуының, дамуы мен тоқтатылуының жүйелі тәртібі болып табылады. Азаматтық істердің көпшілігі талап істер жүргізу ережелері бойынша қаралады. Олар сотта талап арыз беру арқылы қозғалады, оларға құқық туралы даудың болуы тән, сот қарауының мәселесі даулы құқық қатынасы, дауласушы тараптардың қатысуы болып табылады. Соттар талап істерден басқа конституциялық және әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын істерді, сондай-ақ ерекше сипатта жүргізілетін істерді қарайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығы құқықтың басқа салаларымен, әсіресе материалдық салаларымен тығыз байланысты. Онда анықтау нысанасын, істің сотқа қарастылығын анықтайтын азаматтық іс жүргізу сипатындағы нормалар болады. Сот іс бойынша шешім шығаратын кезде даулы құқық қатынастарын реттейтін материалдық құқық нормаларын қолданады.

## 1. Талаптардың ұғымы, элементтері және түрлері.

Талап өндірісі азаматтық істерді қарастырудың кең таралған өндірісі. Сол себепті талап қою бойынша іс жүргізудің көптеген ережелері азаматтық сот өндірісінің жалпы ережелері болып есептеледі. Азаматтық сот өндірісінің басқа екі түріне қатысты істерді қарастыру мен шешу барысында талап қою бойынша іс жүргізудің ережелері қолданылады, бірақ азаматтық іс жүргізу құқығының арнайы нормаларымен бекітілген белгілі бір ерекшеліктері ескеріледі.

**Талап өндірісі** – азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен реттелген, материалдық құқықтық ұатынастардан туындайтын субъективтік құқық немесе заңмен қорғалатын мүдделер туралы дауларды қарастыру және шешу жөніндегі соттың қызметі<sup>1</sup>.

Талап өндірісін жүргізу мәнісі – дауланып отырған субъективтік құқықтың бар немесе жоқтығын сотпен тексеру.

Мақсаты – тану, белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мәжбүр ету, құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату арқылы субъективтік құқықтарды қорғау.

Азаматтық іс бойынша талап қою бойынша іс жүргізу сотқа ҚР АІЖК 8 бабының 1 және 2 бөлігінде көрсетілген субъектілердің біреуінің талап қоюымен қозғалады.

Соттар азаматтық (корпоративтік дауларды қоса алғанда), отбасылық, еңбек, тұрғын үй, мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы, қаржы, шаруашылық, жер құқықтық қатынастарынан, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастардан және басқа да құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапқа билік бағыныстылығына негізделген қатынастардан туындайтын даулар бойынша істерді қарайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларынан талап қою бойынша іс жүргізуде материалдық құқықтық қатынастардың әрқилы түрлеріне қатысты пайда болған даулар бойынша істерді қарастыратындығы және шешілетіндігі нақты көрінеді. Талап өндірісінің барлық істеріне құқық немесе заңды мүдде туралы даудың болуы тән болып келеді. Құқық туралы даудың негізі ретінде құқықты дауға салу, құқықтың бұзылуы, құқықтың ықтимал бұзылу қауіптілігі немесе құқық субъектілерінің арасында түсінбеушілік пен келіспеушіліктің болуы табылады.

Талап қою істері бойынша сот өндірісі келесі белгілерден тұрады:

- субъективтік материалдық құқықтың, заңдық міндеттің немесе материалдық құқыққатынастың толығымен болуын немесе болмауын анықтау;
- жауапкерді белгілі бір әрекеттерді жасауға немесе оларды жасаудан бас тартуға міндеттеу;
- тараптардың арасындағы материалдық құқықтық қатынасты жою немесе өзгерту.
- Осы айтылғандардың негізінде талап өндірісінің бір белгісі болып даудың болуы табылады. Бірақ, кейде талап өндірісінің негізінде даудың болмауы да

<sup>1</sup> Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – 118 б.

мүмкін, мысалы, кәметке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылардың некені бұзуы.

- Құқықтарды қорғаудың талап нысаны субъективтік құқықтарды қорғаудың кеңінен таралған нысаны болып есептеледі. Сотқа талап қоя отыра, тұлға өзіне ұсынылған заңмен бекітілген құқыны қорғаудың нысанын қолдану жолдарымен өз құқықтары мен бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғайды.

- Жоғарыда көрсетілген нысан шегінде қарастырылатын даулы талаптар талап қою нысанындағы талаптар деп аталады (А.А.Добровольский, С.А.Иванова).

- Қазіргі таңда талап қою бойынша құқықтық қорғаудың келесі белгілері бар:

1. құқық немесе заңды мүдде туралы даудың болуы. Іс жүргізудің талап қою нысаны тек құқықтық сипаты бар даулы сұрақтар туындаған сәтте ғана орын алады;

2. тең құқылы тараптардың қарама-қайшы мүдделерінің болуы. Дауласатын субъектілерге заң өз құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін тең іс жүргізушілік мүмкіндіктер береді. Сол себепті талап қою өндірісі – іс жүргізушілік тұрғыда тең құқықтары бар тараптардың арасындағы құқықтар немесе заңды мүдделер туралы даудың шешілетін сайыстық процесі.

3. қойылған талапты соттық тәсілмен шешуді қарастыратын нормативтік талаптардың болуы.

### **Талаптың түсінігі.**

**Талап дегеніміз** – бқл мүделі тұлғаның бұзылған немесе даулы субъективтік құқығы немесе заңмен қорғалатын мүддесін, құқық туралы дауды шешу жолымен қорғауды талап етіп сотқа жолдануы.

Талаптың ұғымын бірнеше мағынада қарастырып кетуге болады:

1. **Процессуалдық мағынада талап** – бұл бұзылған немесе дауға салынған құқықты немесе заңды мүддені қорғау туралы талаппен сотқа жолдану. Талап бұзылған немесе даулы құқықты және заңды мүддені қорғау үшін бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қозғаудың **процессуалдық құралы** болып танылады.

2. **Материалдық-құқықтық мағынадағы талап** – бұл талап қоюшының сот арқылы жауапкерге бұзылған немесе даулы құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіруді талап етуі. Талап қоюшының жауапкерге талап қою ретіндегі талаптың материалдық-құқықтық ұғымы азаматтық-құқықтық салалардан бастау алады.

**Талаптың элементтері.** **Талап элементтері** – бұл талаптың құрылымдық бөлшектері.

Азаматтық іс жүргізу құқығында осы күнде талаптың элементтеріне деген көптеген көз қарастар бар. Бір авторлар талап үш элементтен тұрады деп есептейді, бұлар: пәні, негізі және мазмұны. Осындай көзқарастарды М.А. Гурвич, Н.Б. Зейдер, А.Ф. Клейнман және т.б. ұстайды.

Басқалары талаптың элементтері деп мыналарды ұсынады: пәні (нысанасы), негізі және тараптары. Осы пікірге Г.Л. Осокина да сүйенеді.

Ал, үшіншілері талап екі элементтерден тұрады деп есептейді: пәні және негізі. Осыған сүйенетіндерге мыналарды жатқызуға болады: А.А. Добровольский, С.А. Иванова, Н.В. Щеглов және т.б.

Төртіншілері, талапты элементтерге бөлуге болмайды деп есептейді. Бұған дәлелдеме ретінде заңнамаға «талап элементі» деген сөз белгісіз екендігін көрсетеді.

Талап элементтерін талаптың құрамдас бөлігі ретінде және де талапты сипаттайтын белгілер ретінде де қарастыру қажет. Тек осындай жағдайда ғана талап элементтері талапты жекешелендіретін құралы ретінде бола алады.

Біздің пікірімізше талап 3 элементтен тұрады, бұлар: талаптың пәні (нысанасы), талаптың негізі және мазмұны.

**Талаптың пәні (нысанасы)** – бұл сотан шешім шығаруды өтініп, талап қоюшымен көрсетілген материалдық-құқықтық дау. Талаптың пәні заңмен қорғалатын мүдде болады. Мысалы, мүлікке меншік құқығы, ғылым, әдебиет шығармаларына авторлық құқық, еңбек ету құқығы және т.б.

**Талаптың негізі** – талап қоюшының материалдық-құқықтық талабын негіздейтін заңды фактілер. Олар – мәмілелер, шарттар, зиян келтіру фактісі, мұра қабылдау негізі болып табылатын фактілер, құқықтың бұзылу фактісі. Мысалы, мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаптың негізі болып нотариаттық немесе жазбаша формада куәландырылған шарттың болмауы, мәмілені жасасу кезінде еркіндіктің болмауы – қорқыту, алдау, күш көрсету фактілерінің орын алуы.

**Талаптың мазмұны** – талап қоюшымен көрсетілген сот арқылы қорғану түрі, яғни, сотқа жүгіну арқылы талап қоюшының өзінің бұзылған немесе даулы құқығын қорғау үшін сұрайтын соттың қызметі. Талаптың мазмұны талап қоюшының сотқа қойылатын талабын бейнелейді және талап арыздың сұрау бөлігінде көзделеді.

**Талап элементтерінің мәні.** Әдебиеттерде талап элементтерін мәнін бірнеше аспектілерде қарастырады.

Біріншіден, олар судьяға азаматтық істі дұрыс қозғауға мүмкіндік береді. Талаптың пәні мен негізі, сонымен қатар құқық туралы даудың тараптары сәйкес келмегенде судья талап арызды қабылдаудан бас тартады (ҚР АІЖК 153 б. 1 тармағының 2 тармақшасы), азаматтық істің қозғалғанынан кейін осы жағдайдың анықталғандығында судья немесе сот істі қысқартады (ҚР АІЖК 172 б., 247 б. 2 тармақшасы).

Екіншіден, талаптың элементтері бойынша талаптың өзгергендігін анықтауға болады (ҚР АІЖК 49 б. 1 тармағы). Үшіншіден, талаптың элементтері істі соттық қарастыруға дайындықты сапалы тұрғыда жүргізуге мүмкіндік береді.

**Талаптардың түрлері.** Талаптарды процессуалдық-құқылық белгілері бойынша түрлерге бөлу туралы азаматтық іс жүргізу құқығында бір текші шешім жоқ.

Ғылыми әдебиеттерде талаптарды олардың процессуалдық мақсаттары немесе мазмұны бойынша ажыратады. Талаптарды ажырату олардың үшінші элементі бойынша жүзеге асырылады.

Құқыны қорғау әдісіне орай талаптар үш түрге ажыратылады:

1. ұйғару туралы (орындату);
2. тану туралы;
3. құқылық қатынастарды тоқтату немесе өзгертеу (конститутивтік).

**Ұйғару туралы талаптар (орындату)** – бұл сот практикасында кеңінен таралған талаптардың түрі. «бірінші, негізгі және маңызды топты азаматтық құқықтарды мәжбүрлі түрде жүзеге асыруға, немесе субъективтік азаматтық құқықтардан шыққан талаптарды тануға бағытталған талаптар құрады (Е.В. Васьковский).

Ұйғару туралы талаппен талапкер соттан белгілі бір әрекеттерді жасауға немесе жасаудан бас тартуды жауапкерге жүктеуді талап етеді (И. М. Пятилетов). Мысалға, затты табиғи түрде беру туралы, ғимаратты босату туралы, жалақыны, алименттерді, шығындарды, айыппұлды өндірту туралы және т.б. талаптар.

Сөйтіп ұйғару туралы талаптар – бұл жауапкердің белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруын немесе оны жүзеге асыруды тоқтатуын міндеттеуді талап етуі. Талапкер белгілі бір субъективтік құқының бар екендігі мойындатумен бірге жауапкерді өзіне қатысты белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруын талап етеді.

Талаптың пәні – бұзылған немесе дауға салынған субъективтік құқы немесе материалдық құқылық қатынас. Мысалы, алименттерді өндірту туралы талап өзінің пәні ретінде баланың өз ата-анасынан және отбасының басқа мүшелерінен асырап бағуды талап ету.

Негізі ретінде екі заңды фактілердің тобы танылады:

1. құқының, міндеттің немесе материалдық құқылық қатынастың бар болуымен байланысты фактілер (мысалы, мұрагерлік мүлікке меншік құқығының пайда болуының негізі ретінде мұраны қабылдау және т.б.);

2. құқыны немесе заңды мүддені қорғау бойынша сотқа жүгінумен байланысты фактілер (мысалы, міндетті орындау, ар-ожданға нұқсан келтіретін әрекетті жасау мерзімінің өтуі және т.б.).

**Тану туралы талаптар бойынша** – талап қоюшы соттан өзінде субъективтік құқының немесе оның жауапкермен құқылық қатынасының бар-жоқтығын растауын сұрайды.

Тану талаптары соттан ресми тұрғыда растауды немесе заңды қатынастың бар-жоқтығын бекітуді, куәландыруды сұрау.

Талаптың пәні – дауланып отырған субъективтік құқық немесе заңды мүдде. Мысалы, авторлық құқықты, мұралық құқықты, меншік құқығын тану туралы талаптар.

Егер талап қоюшы соттан материалдық құқылық қатынастың немесе субъективтік қатынастың бар екендігін растауын сұрауы тану туралы оң талап деп аталады. Мысалы, мүлікке меншік құқығын тану талаптар, әкелекті тану туралы және т.б. талаптар.

Егер талап қоюшы соттан материалдық құқылық қатынастың немесе субъективтік құқының орын алмағандығын сұрауы тану туралы кері талап деп аталады. Мысалы, азаматтық-құқылық мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап, некені жарамсыз деп тану туралы талап және т.б.

Тану туралы талаптың негізі ретінде құқылық қатынастың бар екендігі немесе жоқ екендігін негіздейтін оң немесе кері сипатағы заңды фактілер танылады.

Тану талабы бойынша құқыны қорғаудың әдісі ретінде құқының бар немесе жоқтығын бекітетін заңды күшіне енген сот шешімі танылады.

**Құқылық қатынастарды тоқтату немесе өзгертеу (конститутивтік) талаптары** – талапкер мен жауапкер арасындағы орын алған құқылық қатынасты соттың шешімімен өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған талаптар.

Құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату кейбір жағдайларда соттың шешімімен ғана мүмкін болады. Сондықтан да сотқа құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату туралы талаптар қойылады.

Тоқтату немесе өзгерту талаптарының пәні болып талапкердің соттан өзгертуді немесе тоқтату талап етіп отырған материалдық құқылық қатынасы (субъективтік құқы, заңды міндеттеме).

Осы талаптың негізі ретінде талап пәні болып келетін материалдық құқылық қатынасты өзгертетін немесе тоқтататын, мүдделі тұлғаның көрсетіп отырған заңды фактілер танылады.

Негіздер екі түрлі мәнді береді:

- өзгертілуге немесе тоқтатылуға жататын құқықтық қатынастардың пайда болуына негіз болған фактілер;
- құқықтық қатынастардың өзгертілуі немесе тоқтатылуына себеп болған фактілер.

Осыған дәлелдеме ретінде келесі мысалды келтіреміз: сатып алу-сату шартын бұзу туралы талапта сатып алынған заттардың кемшілігіне байланысты бірінші топтағы фактілерге сатып алу-сату шартын жасау, ал екінші топтағы фактілерге сатып алынған тауарлардағы кемшіліктер жатады.

Тоқтату немесе өзгерту талаптарымен құқыны қорғаудың әдісі ретінде талапкер мен жауапкер арасындағы құқықтық қатынасты тоқтату немесе өзгерту.

Талаптарды процессуалдық белгілері бойынша жіктеу жалғыз болып келмейді. Талаптар материалдық-құқылық белгілері бойынша да ажыратылады. Талаптар материалдық құқылық қатынастардың әрқилы түрлерінен туындайтын даулар бойынша пайда болуы мүмкін: азаматтық, отбасылық, еңбектік, тұрғын үйлік, әкімшілік, қаржылық және т.б. (ҚР АІЖК 24 б. 2 тармағы).

#### **Талаптардың ұқсастығы.**

Талаптардың элементтерінің мәні олардың талапты жекешелендіру құралы болып танылатындығында. Талаптардың әрқилылығы қажет, себебі заң сол талаптардың арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша сотқа қайта жүгінуге жол бермейді (ҚР АІЖК 153 б. 1 тармағының 2 тармақшасы). Бұл дегеніміз сол бір талап екі рет сотта қарауға жатпайтындығы. Талаптардың ұқсастығы бойынша сотқа берілген талап бойынша сот шешімін немесе басқа актіні шығаруға жол берілмейді.

Талаптардың ұқсастығын олардың элементтерін салыстыру арқылы анықтау қажеттігі қазіргі таңдағы азаматтық іс жүргізу құқығында сөз келтірмейді.

Талаптардың ұқсастығы төмендегі үш элемент бойынша анықталады: пәні, талаптың негізі және құқыны немесе заңды мүддені қорғау әдісі.

Осы күнде ұқсастықты екі түрге ажыратады: ішкі және сыртқы.

Талаптардың ішкі ұқсастығы сотқа бастыпқыда жүгінген талапты ол бойынша қозғалған азаматтық істің аяқталуына дейін сақталуы. Бұл дегеніміз



талап құрылымы нақты бір азаматтық істің басынан аяғына дейін талап өзгермейді.

Талаптардың ішкі ұқсастығы осы талаптың элементтерін процестің әрқилы сатысында салыстыру арқылы анықталады.

**Талаптардың сыртқы ұқсастығы** екі оданда көп талаптардың ұқсастығы. Мысалы, келесі талаптар ұқсас болуы мүмкін: сотқа қойылған талап; соттың қарауындағы талап; сотпен қаралған талап. Ұқсастықтың аталмыш түрі салыстырылып жатқан үш элементтерді салыстыру арқылы бекітіледі. Сол бір тұлғалар арасындағы құқық туралы даулар бойынша талаптардың ұқсастығы келесі процессуалдық салдарларды тудырады. Сотқа, ұқсас талапты қою барысында судья талаптың бастапқы рет қарастырылуына орай, әлде ол сот өндірісінде болуына орай осындай талапты өндіріске қабылдаудан бас тарту туралы (ҚР АЖЖ 153 б. 1 тармағының 2 тармақшасы) ұйғарым шығарады, немесе талап арызды қайтару туралы (ҚР АЖЖ 154 б. 1 тармағының 5 тармақшасы) ұйғарым шығарады. Ұқсас талап бойынша қозғалған өндіріс қысқартылады (ҚР АЖЖ 247 б. 2 тармақшасы) немесе талап арыз қараусыз қалдырылады (ҚР АЖЖ 249 б. 4 және 5 тармақшасы).

Бірнеше талаптарды біріктіру және ажырату туралы сұрақтар ҚР АЖЖ 171 бабымен реттеледі. Заң талаптарды біріктірудің, және ажыратудың міндетті шарты ретінде мақсаттылықты таниды. Мақсаты – азаматтық істі толығымен және дұрыс шешуге мүмкіндік беретін жағдайларды құру (ҚР АЖЖ 171 б.).

Бірнеше талаптарды бір өндіріске біріктіру келесі жағдайларда ғана бола алады: талаптардың сипаттары бойынша, олардың өзара байланысы бойынша, ортақ дәлелдемелердің болуы бойынша жылдам әрі дұрыс шешім шығаруға мүмкіндік болуы тиіс.

Талаптарды ажырату жағдайында іс жүргізу жеңілденетін болса және біріктірілген талаптардың біреуіне немесе бірнешеуіне тұлғаларды шақыруға қажеттілік болмаған жағдайларда талаптар ажыратылады.

Талаптар **объективтік** және **субъективтік** біріктіру және ажырату деп ажыратылады.

Талаптарды **объективтік біріктіру** дегеніміз дауласып жатқан тұлғалардың арасында бірнеше талаптарды бір өндіріске біріктіру. Мысалы, соттың өндірісінде азамат А. жауапкер В-ге деген талап арызы бойынша қозғалған іс бар, онда дауға бірнеше мәселе салынады: некені бұзу, мүлікті бөлу және талапкердің еңбекке қабілетсіздігіне байланысты асырап бағу үшін алименттерді өндірту. Осы азаматтық істе талапкер мен жауапкер ретінде бір тұлғалар танылады. Осындай біріктіру талапкердің бастамасы бойынша жүргізілді.

Талаптарды объективтік біріктіру тек соттың бастамасы бойынша жүргізіледі. Мысалы, азамат А. азамат В-ге ар-ожданды қорғау бойынша талап қойды, ал сонан соң – сол жауапкерге ар-ожданына нұқсан келтірген мәліметтердің салдарынан келтірілген моралдық зиянды өтеу туралы талап қойды. Судья осы екі талапты біріктіріп және бір өндірісте қарастыруға құқығы бар.

Талаптарды объективтік біріктіру ҚР АЖЖ 171 бабының 3 тармағы бойынша жүзеге асырылады: судья осы соттың іс жүргізуінде дәл сол тараптар қатысатын біртектес, не бір талап қоюшының әртүрлі жауапкерге немесе әр

түрлі талап қоюшылардың бір жауапкерге қойған талабы бойынша бірнеше іс бар екенін белгілеп, егер мұндай біріктіруді дұрыс деп тапса, бұл істерді біріктіріп қарау үшін бір іске біріктіруге құқылы.

Ал, **объективтік ажырату** дегеніміз судьяның, талапкердің бір жауапкерге қатысты біріктірген бір немесе бірнеше талаптарын әр түрлі өндірістерде қарастыру мақсатында жүргізілетін ажыратуы. ҚР АІЖК 171 бабының 1 тармағында: егер талаптарды ажыратып қарау неғұрлым дұрыс болса, судья талап қоюшы біріктірген талаптардан біреуін немесе бірнешеуін бөліп жеке іс жүргізуге құқылы делінген.

Мысалы, салыстырылмалы талаптардан туындаған некені бұзу туралы іс бойынша, ерлі-зайыптылардың арасында мүлікті бөлу туралы талапты, егер мүлікті бөлу үшінші тұлғалардың мүдделеріне әсер етсе сот жеке өндіріске бөле алады, (НОтК 22 б. 3 тармағы).

**Талаптарды субъективтік біріктіру** дегеніміз бір тұлғаның бірнеше жауапкерлерге деген талаптарын біріктіру немесе бірнеше талапкерлердің бір жауапкерге деген талаптарын біріктіру немесе бірнеше талапкерлердің бірнеше жауапкерлерге деген талаптарын біріктіру.

ҚР АІЖК 171 бабының 3 тармағы бойынша талаптарды субъективтік біріктіруге мүмкіндік бар: судья осы соттың іс жүргізуінде дәл сол тараптар қатысатын біртектес, не бір талап қоюшының әртүрлі жауапкерге немесе әр түрлі талап қоюшылардың бір жауапкерге қойған талабы бойынша бірнеше іс бар екенін белгілеп, егер мұндай біріктіруді дұрыс деп тапса, бұл істерді біріктіріп қарау үшін бір іске біріктіруге құқылы.

Талаптарды субъективтік біріктіру процессуалдық бірігіп қатысуды тудырады. Бір тұлғаның бірнеше жауапкерлерге, бірнеше талапкерлердің бір жауапкерге немесе бірнеше талапкерлердің бірнеше жауапкерлерге деген талаптарының біртектестігі азаматтық іс жүргізудегі факультативтік бірігіп қатысу үшін негіз болып келеді.

**Талаптарды субъективтік ажырату** дегеніміз жеке өндірісте қарастыру және шешу үшін әр түрлі тұлғалардың талаптарын ажырату. ҚР АІЖК 171 бабының 2 тармағында былай делінген: бірнеше талап қоюшы талаптар қойған немесе талаптар бірнеше жауапкерге қойылған кезде судья, егер талаптарды ажыратып қарауды неғұрлым дұрыс деп тапса, бір немесе бірнеше талапты жеке іс жүргізуге бөлуге құқылы.

## **2. Талапты өзгерту, талаптан бас тарту және тану негіздері.**

Талапты өзгерту, талаптан бас тарту, талапты тану және бітімгершілік келісімге келу ғылыми әдебиеттерде құқы туралы дау субъектілерімен жасалатын өкімдік әрекеттер деп аталады. Материалды тұрғыда мүдделі тұлғалардың (талапкердің, жауапкердің және талап пәніне дербес талап қойып отырған үшінші тұлғалар) өкімдік әрекеттерді жасауға деген құқығы диспозитивтік принципінен туындайды.

### **Талапты өзгерту.**

Талапты өзгерту дегеніміз талапкердің талаптың негізін немесе пәнін өзгертуі танылады. Осы арада, талап құрылымының ішкі өзгеріске түсуіне қарамай нақты бір азаматтық іс бойынша жүргізіліп жатқан сот өндірісі барысында ешбір өзгеріске түспейді.

Заң бір жағынан талапкерге талаптың бір элементін негізін немесе пәнін өзгертуге құқы беріп отыр (ҚР АІЖК 49 бабының 1 тармағы).

Бірқатар авторлар талапты өзгерту талаптың негізін немесе пәнін өзгертумен бірге талаптың көлемін ұлғайту әлде төмендету деп есептейді (И.М.Пяппетов, Г.Л.Осокина және т.б.).

Бір уақытта талаптың екі бірдей элементін өзгерту (пәні мен негізін) талаптың ішкі бірлігін бұзады. Сол себепті осы жағдайда жаңа талаптың пайда болуы туралы сөз қозғалады.

Талаптың өзгеруі қозғалған процестің сапалық сипаттамасына қатты ықпал етпейді. Ол әрі қарай жалғасып сот шешімін қабылдаумен аяқталады.

Талаптың негізінің өзгеруі әрқилы нысандарда көрініс табуы мүмкін:

1. бастапқыда талапкермен көрсетілген мән-жайларды ауыстыруда;
2. талапты негіздейтін мән-жайларды толықтыру;
3. талапкермен бастапқыда көрсеткен мән-жайларды алып тастау.

**Талаптың пәнін өзгерту** дегеніміз талапкермен бастапқыда көрсеткен талап пәнін жаңа талап пәніне ауыстыру.

Талаптың пәні тек ұқсас пәні бар талаптарда ауыстырылады (Г.Л.Осокина).

Мысалы, АК 428 бабының 1 тармағына сәйкес тиісті емес сападағы тауар сатылған сатып алушы (егерде тауардың кемшіліктері алдын-ала сатушымен келіспеген болса) өзінің қалауы бойынша:

1. сатып алынатын бағаны төмендетуді;
2. ойға қонымды мерзімде тауардың кемшіліктерін ақысыз жоюды;
3. тауардың кемшіліктерін жоюға жіберген шығындарын өтеуді;
4. кемшілігі бар тауарды шартты белгіленген тауармен ауыстыруды;
5. шартты орындаудан бас тартуды және тауарға төлеген ақша сомасын қайтаруды сатушыдан талап етуге құқылы.

ҚР АІЖК 49 бабына сәйкес талапкерталапты өзгертпей талаптың көлемін өсіруге немесе төмендетуге құқылы. Талаптың көлемін өзгерту талаптың материалдық көлемін нақты шындыққа сәйкес келуіне мүмкіндік береді және сол себепті оған заңмен шек қойылмайды (И.М.Пятилетов).

Талаптың негізін немесе пәнін өзгерту, талаптың көлемін өсіру немесе төмендету жазбаша арыз беру арқылы жүзеге асырылады және бірінші сатыдағы соттың шешім шығаруына дейін жол беріледі (ҚР АІЖК 49 б. 1 т.).

Сөйтіп, талапкер талаптың пәнін және негізін, сонымен қатар талап көлемін белгілейді. Бұл, фактілер мен құқылық қатынастарды соттық зерттеудің шегі материалды мүдделі тұлғаның еркі бойынша белгіленетіндігін көрсетеді. Сот өз бастамасы бойынша талап қою нысанасын немесе негіздемесін өзгертуге құқығы жоқ (ҚР АІЖК 49 б. 2 т.). Сот істі талап қоюшы талаптардың шегінде шешеді. Алайда талап қоюшының келісуімен сот, егер бұл талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін қажет деп таныса, сондай-ақ көзделген басқа да жағдайларда, талап қоюшы мәлімдеген талаптардың шегінен шығуы мүмкін (ҚР АІЖК 219 б. 2 т.).

ҚР АІЖК 219 б. 2 т. түсіндіру біздің пікірімізше келесідей болуы тиіс:

1. азаматтық іс сот қызметінің пәні талаптың пәнінің және негізінің шегімен, сонымен бірге талапкердің көрсеткен талап көлемімен анықталады;

2. сот өз шешімімен істің анықталған мән-жайларына және заңға сүйене отыра қанағаттандырылатын талаптардың көлемін белгілейді;

3. сот талапкерге жүгініп отырған талаптың негізін өзгертуді ұсынуға құқылы. Осы құқы іс бойынша дәлелденетін пәнді анықтау туралы заң нормаларынан туындайды. Ісбі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайларды тараптардың және іске қатысушы басқа тұлғалардың тараптары мен қарсылықтарының негізінде, материалдық және іс жүргізу құқығының қолданылуға тиіс нормаларын ескере отырып, сот анықтайды (ҚР АІЖК 66 б. 2 т.).

4. талапкердің мүддесі үшін талап пәнін өзгерту қажеттілігі сотпен мойындалған жағдайларда сот талапкерге талап пәнін өзгертуді ұсынуға құқылы;

5. сот азаматтық істі қарастыру барысында заңмен белгіленген жағдайда бір уақытта жүгінбеген талапты шешуге құқылы. Мысалы, НОтК 76 б. 3 т. сәйкес ата-ана құқығынан айыру туралы істі қарастыруда, сот ата-ана құқығынан айырылған ата-аналарынан баланы асырауға алиментті өндірту туралы сұрақты шешеді.

#### **Талаптан бас тарту.**

ҚР АІЖК 49 б. 1 т. сәйкес талап қоюшы талап қоюдан бас тартуға құқылы.

Бір авторлар талаптан бас тарту бір уақытта өкімдік процессуалдық әрекет және материалдық құқының актісі ретінде танылады деп пайымдайды (Н.И.Авдеенко, И.М.Пятилетов).

Ал, басқалары талаптан бас тарту оның негіздегі ниеттерге баланысты дейді. Біріншіден, материалдық және процессуалдық құқыдан бас тарту, екіншіден процесті әрі қарай жалғастырудан бас тарту, бірақта материалдық құқыдан бас тарту емес (мысалы, жауапкердің өз еркімен талапкердің талаптарын қанағаттандыруға уәде беру).

Сөйтіп, **талдаптан бас тарту** – бұл, мүдделі тұлғаның құқығын немесе заңды мүддесін сот арқылы қорғау талабынан бас тарту. Талаптан бас тарту

жазбаша өтініш беру жолымен жүргізіледі және оларға бірінші сатыдағы сот шешім қабылдағанға дейін жол беріледі (ҚР АІЖК 49 б. 1 т.).

Судья (сот) талаптан бас тарту ниетін және талаптан бас тартудың заңдылығын қарастырмайды, бірақ талапкердің әрекетінің мәнін және мағынасын түсіндіруге міндетті және талаптан бастарту өз еркімен болғандығына көз жеткізу керек. Талап қоюшы өз талабынан бас тартса және бас тартуды сот қабылдаса сот іс бойынша іс жүргізуді қысқартады (ҚР АІЖК 247 б. 3 тармақшасы).

Егер талапкер ішінара бас тартса, онда бас тартпаған бөлігінде іс қара береді.

Іс бойынша іс жүргізу қысқартылған жағдайда сол тараптар арасындағы, сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді (ҚР АІЖК 248 б. 2 т.).

Прокурордың, мемлекеттік органның немесе басқа өкілетті тұлғаның басқа тұлғаның құқығын және мүддесін қорғау бойынша жүгінген талабынан бас тартуының ерекшелігіне мүдделеріне сай іс қозғалған адамды істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайтындығы жатады (ҚР АІЖК 55 б. 5 т. және 56 б. 2 т.).

### **Талапты тану.**

ҚР АІЖК 49 б. 1 тармағына сәйкес жауапкер талап қоюды тануға құқылы, бұл жөнінде одан қолхат алынады.

**Талапты тану** – сотта талап қоюшының талаптарын қанағаттандыруға және талап қоюшы үшін лайықты сот шешімін шығаруға бағытталған жауапкердің келісімі.

Жауапкердің талапты тануы құқыны немесе заңды мүддені қорғау туралы сұрақты шешуде сотқа жеңілдік береді, бірақта оған міндетті болып келмейді. Соттың талапты тану жағдайында талапкердің талаптарын қанағаттандыру туралы шешім шығарылады. Шешімнің дәлелдеу бөлігінде талапты таныған және оны соттың қабылдаған жері көрсетілуі мүмкін (ҚР АІЖК 221 б. 5 т.).

Егер сот заңмен бекітілген негіздерге байланысты талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын, жауапкердің талап қоюды тануын қабылдамайды және істің мән-жайы бойынша қарастыру жүргізеді (ҚР АІЖК 49 б. 2 т.).

Талапкер мен жауапкердің талапты тануының мінезі мен мәні ұқсас: осы екі жағдайда процестің тарабы өз еркі бойынша өз құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша сотқа жүгіну талабынан бас тартады.

Талапты соттық тануды талапты соттан тыс тануды айра білу керек. Жауапкердің талапты соттан тыс тануы азаматтық іс бойынша дәлелдемелердің бірі болып танылады.

Талапты жауапкердің тануын жауапкердің фактіні тануданда айыру қажет. Жауапкердің фактіні тануы дегеніміз – бұл талапкердің талабын негіздейтін фактінің бар немесе жоқ болуын тану (ҚР АІЖК 78 б. 3 т.). Фактіні тани отыра, жауапкер бір уақытта

### **Бітімгершілік келісім.**

ҚР АІЖК 49 б. 1 тармағына сәйкес тараптар істі бітімгершілік келісіммен аяқтай алады.

Бітімгершілік келісім сотта құқы туралы дауды тиімді әрі қақтығыссыз шешуге мүмкіндік береді (Г.А.Жилин).

**Бітімгершілік келісім** – бұл заңмен белгіленген жағдайларға сәйкес, сотта тараптардың арасында жасалған материалдық-құқықтық дауды ерікті түрде шешу туралы келісім. Келісім талапкер мен жауапкер арасындағы жаңа немесе өзгертілген құқықтық қатынастарды бекіту туралы белгілі бір жағдайларға сүйене отыра бекітіледі. Бітімгершілік келісімге тараптың екеуі қол қояды және сотпен бекітіледі. Тараптардың бітімгершілік келісімі туралы сот ұйғарым шығарып, іс бойынша өндірісті қысқартады (ҚР АІЖК 247 б. 4 тармақшасы). Осы жағдайда сотпен дәлелдемелер зерттелмейді және істің нақты мән-жайы анықталмайды.

Тараптардың бітімгершілік келісім сот процесінде бекітіледі. И.М. Пятилетовтың пайымдауынша, бітімгершілік келісім келесі белгілерге ие:

- келісім азаматтық істің аяқталуына бағытталған болуы тиіс (ҚР АІЖК 49 б. 1 т.);
- келісім заңмен талап етілген нысанда рәсімделген ҚР АІЖК 49 б. 1 т., 172 б., 193 б. 1 т., 342 б. 1 т.);
- келісім сотпен бекітілген болуы тиіс ҚР АІЖК 49 б., 193 б. 2 және 3 т., 342 б. 2 т.).

Осы акт соттың ұйғарымымен бекітіліп, іс бойынша өндіріс қысқартылады (ҚР АІЖК 247 б. 4 тармақшасы).

Бітімгершілік келісімнің субъектілері: талапкер, жауапкер және құқығы туралы дау пәніне дербес талап қойып отырған үшінші тұлға.

Бітім келісімін талапкер, жауапкер және даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалар жасаса алады.

Бітімгершілік келісімін жасау сотта және соттан тыс жасалуы мүмкін.

Соттан тыс жасалған бітімгершілік келісім – бұл сот отырысынан тыс жасалған келісім және сотқа жолданбаған. Мысалы, ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодекстің 157 бабы бойынша соттан тыс тәртіпте алимент төлеу туралы келісім жасасуға болады. Соттан тыс бітімгершілік келісім жасалу фактісін және оның шарттарын жалпы тәртіп бойынша тарап сотта дәлелдеуі мүмкін.

Бітімгершілік келісімін азаматтық процестің кез-келген сатысында (бірінші сатыдағы сотта, апелляциялық өндірісінде, қадағалау өндірісінде және атқарушылық іс жүргізу сатыларында) жасауға болады.

### **3. Талапты қамтамасыз ету бойынша шаралар. Жауапкердің мүдделерін қорғау.**

Азаматтық істер бойынша сот өндірісі сайыстылық бастамасына сүйенеді. Талапкер мен жауапкердің заңды мүдделерінің қарама-қайшылығы іс жүргізу барысында олардың бір бірімен сайысқа түсуіне соқтарады. Әрбір тарап іс бойынша өзінің құқылық позициясын таңдауда тәуелсіз болып келеді. Процестің сайыстылығы тараптардың өз құқықтарын және мүдделерін қорғау үшін берілген процессуалдық мүмкіндіктерінің процессуалдық теңдігімен байланысты.

Жауапкер талапкерге қарсы тарап ретінде сот процесінде өз мүдделерін қорғау бойынша талапкермен тең мүмкіндік алады. Жауапкердің осы мүмкіндіктері талапқа қарсылық білдіруімен көрініс табады.

#### **Талапқа қарсылық.**

Жауапкердің талапқа қарсылық білдіруі дегеніміз – жауапкердің талапкердің сотқа жүгінген талабымен келіспеу жолымен сотта қорғану құқығының бір нысаны.

Жауапкердің қарсылық білдіруі процессуалдық және материалдық-құқықтық деп екіге бөлінеді.

Процессуалдық қарсылық – бұл, талапкердің талабының заңсыздығын негіздеуге бағытталған жауапкердің қарсылығы. Жауапкер талапкерде талап қоюға құқығы жоқ деп немесе талапкермен талап қою тәртібі бұзылғандығын (талап әрекетке қабілетсіз тұлғамен берілді) негіздейді. Осы жағдайларды көрсете отыра жауапкер іс бойынша өндірісті қысқартуды немесе талапты қараусыз қалдыруды талап етеді.

Жауапкердің процессуалдық қарсылығы істі қарастыруды кейінге қалдыру (мысалы, жауапкер өзінің тиісті емес екендігін көрсетуі), сонымен бірге іс бойынша өндірісті тоқтата тұру (мысалы, басқа азаматтық іс бойынша шешім шықпағанға дейін осы істі қарастыру қарастыру мүмкінсіздігін жауапкер түсіндіреді) қажеттілігін көрсетуі мүмкін.

Материалдық-құқықтық қарсылық – бұл, жауапкердің заңды мүдделері мен құқығын қорғауға бағытталған. Мысалы, жауапкердің кінәсінің жоқтығын дәлелдеуі. Ол жоққа шығару (даулау) немесе дәлелді қарсы талап қою тәсілдерімен жүзеге асырылады.

Жауапкердің материалдық-құқықтық қарсылығының екі түрін ажыратады:

- мойындамау;
- дәлелді қарсылық.

**Мойындамау** – бұл, талапкердің көрсетіп отырған фактілерінің және құқықтық қатынастың жоқтығы туралы жауапкердің қарсылығы. Қарсылық білдіруде жауапкер өз позициясын негіздейтін дәлелдемелерді ұсынбайды. Мысалы, мүлікті қайтару туралы талаппен келіспей отыра жауапкер осындай мүлікті оған талапкер бермегендігін айтуы мүмкін.

**Дәлелді қарсылық** – бұл қойылған талапты жоққа шығаруға бағытталған және нақты заңды фактілермен негізделген жауапкердің қарсылығы. Осындай қарсылықтар жауапкердің өз позициясын дәлелдейтін нақты мән-жайларды келтіруде көрініс табады. Жауапкердің осындай қарсылықтар талапкердің

талабының мәніне қарсы бағытталған. Мысалы, мүлікті қайтару туралы талапқа қарсылық білдіре отыра, осы мүліктің иесі екендігін және меншік құқығы сатып алу-сату шартының негізінде пайда болғандығын көрсетуі мүмкін. Осындай қарсылықтарда дәлелдеу міндеттемесі жауапкердің өзіне жүктеледі (ҚР АІЖК 65 б.).

### **Қарсы талап.**

Қарсы талап – бұл, алғашқы қойылған талаппен бірге қарастыру үшін жауапкердің талапкерге қойған дербес материалдық-құқықтық талабы. Қарсы талап сот шешімі шыққанға дейін сол сотқа берілуі тиіс.

Қарсы талапқа келесі белгілер тән:

- бұл жауапкердің талабы;
- талап пайда болған өндіріс барысында беріледі;
- талап бастапқы талаппен бірге қарастыру үшін беріледі.

Қарсы талап – бұл жауапкердің сотта қорғану үшін сотқа жүгінуі. Қарсы талап құқығы ҚР АІЖК 156 бабымен ескерілген: жауапкер бірінші сатыдағы сот шешім шығарғанға дейін алғашқы талап қоюмен бірлесіп қарау үшін талап қоюшыға қарсы талап қоюға құқылы. Қарсы талап талаптар талап қою туралы жалпы ережелер бойынша жүргізіледі.

Жалпы ережелермен бірге қарсы талап қою үшін қосымша шарттар ескерілген (ҚР АІЖК 157 б.). осы шарттар қарсы талап пен алғашқы талап арасында байланыстың бар екендігін көрсетеді.

Судья қарсы талапты қабылдайды егер:

- қарсы талап алғашқы талапты есепке алуға бағытталса мысалы, қарызды қайтару туралы алғашқы талапқа қарсы жауапкер, керісінше, талапкерге мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы қарсы талап қоя алады. Қарсы талаптың мөлшері бастапқының мөлшерінен артық болмауы тиіс;

- қарсы талап қоюды қанағаттандыру алғашқы талап қоюды толық немесе қанағаттандыру бөлігінде болдырмасамысалы, алимент өндіру туралы талапқа қарсы жауапкерді әкесі емес деп тану туралы талап қойылуы мүмкін. Некені бұзу туралы талапқа – некені жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қойылады;

- қарсы және алғашқы талап қоюлардың арасында өзара байланыс болса және оларды бірлесіп қарау дауларды неғұрлым жылдам және дұрыс қарауға әкелсе мысалы, тұрғын үй қатынастарынан туындайтын даулар бойынша – жауапкерді үйден шығару туралы талапқа – үйді жөндеуге кеткен шығынды өтеп алу туралы жауапкер қарсы талап қоя алады.

Алғашқы және қарсы талаптар бойынша сот бір шешім шығарады. Осы шешімде, сотпен қарастырылған әр біріне жеке жауап беріледі.

Осы жағдайда сот өндірісінде екі процессуалдық мәртебені байқауымызға болады: әрбір тарап өз алдына талапкер мен жауапкер мәртебесіне иемденеді.

### **Талапты қамтамасыз ету.**

Талапты қамтамасыз ету – талап арыз қанағаттандырылған жағдайда шешімді орындау мүмкіндігіне кепілдік беретін, сотпен қолданылатын шаралар. Талапты қамтамасыз ету шаралары іске қатысушы тұлғаларды арызы бойынша сотпен жүргізіледі. Талап қоюды қамтамасыз етуге, егер мұндай шараларды қабылдамау сот шешімін орындауды қиындатса немесе оның



орындалуын мүмкін етпесе, істің барлық жағдайларында да жол беріледі (ҚР АІЖК 158 б.).

ҚР АІЖК 159 бабының 1 тармағына сәйкес талап қоюды қамтамасыз ету шараларына мыналар жатады:

- жауапкерге тиісті және онда немесе басқа адамдарда болатын мүлікке тыйым салу (банктің корреспонденттік шотындағы ақшаға тыйым салуды қопағанда);

- жауапкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салу;

- басқа адамдардың мүлікті жауапкерге беруіне немесе оған қатысты өзге де міндеттемелерді орындауына тыйым салу;

- мүлікті тыйым салудан босату туралы талап қойылған жағдайда мүлікті өткізуді тоқтата тұру;

- мемлекеттік органның, ұйымның немесе лауазымды адамның дауға салынатын актісінің қолданылуын тоқтата тұру;

- борышкер сот тәртібімен дауға салатын атқарушылық құжат бойынша өндіріп алуды тоқтата тұру .

Қажет болған жағдайларда сот талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шараларды қабылдауы мүмкін (ҚР АІЖК 159 б. 2 т.).

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья жауапкерге және аралық сотта немесе төрелікте іс қарау тараптарының ісіне қатысатын басқа адамдарға хабарламастан ол сотқа түскен күні шешеді. Талап қоюды қамтамасыз ету тураы арызды қарай келіп, судья ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК 160 б.).

Талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіпте дереу орындалады (ҚР АІЖК 161 б.).

Аралық сотта немесе төрелікте іс қарау тараптарының ісіне қатысушы адамның арызы бойынша талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екінші түрімен ауыстыруға жол беріледі. Талап қоюды қамтамасыз етудің бір түрін екіншісімен ауыстыру туралы мәселеге іске қатысатын адамдарға арызды қараудың уақыты мен орны туралы хабарлай отырып, сот рұқсат береді, алайда олардың келмей қалуы осы мәселені мәні бойынша қарауға кедергі келтірмейді. Талап қоюдың бір түрін екінші түрімен ауыстыру туралы судья ұйғарым шығарады (ҚР АІЖК 162 б. 1т.).

Жауапкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға тиым салуды және басқа тұлғаларға жауапкерге мүлікті беруге немесе оған деген басқа міндеттемелерді орындауға тиым салуды бұзған тұлғаларға әкімшілік жауаптылық көзделген. Сонымен бірге, талап қоюшы сот тәртібімен осы адамдардан талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымды орындамаудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы (ҚР АІЖК 159 б.2 т.).

Сотпен қабылданған шаралардың ұзақтығы сот шешімінің мазмұнына бағынышты болып келеді:

- Талап қоюға қарсылық білдірілген жағдайында талапты қамтамасыз ету шаралары шешім заң күшіне енгенге дейін сақталады. Бірақта сот шешіммен бірге немесе өзінің қаулысынан кейін талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы ұйғарым шығаруы мүмкін (ҚР АІЖК 163 б. 2 т.);

- Талап қою қанағаттандырылған жағдайда оны қамтамасыз ету жөніндегі шаралар өз күшін сот шешімі орындалғанға дейін сақтайды (ҚР АІЖК 163 б. 2 т.).

Талапты қамтамасыз ету сұрақтары бойынша барлық ұйғарымдарға жеке шағым берілуі және наразылық келтірілуі мүмкін (ҚР АІЖК 164 б. 1 т.).

Егер талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым шағым берген адамдарға хабарламай шығарылса, шағым беру мерзімі оған бұл ұйғарым белгілі болған күннен бастап есептеледі (ҚР АІЖК 164 б. 2 т.).

Талап қоюды қамтамасыз етудің күшін сол сот тараптардың арызы бойынша немесе өз бастамасы бойынша жоюы мүмкін (ҚР АІЖК 163 б. 1 т.).

Талап қоюды қамтамасыз ету шаралары жауапкердің құқықтарын шектеуге соқтырады, осыған байланысты оған залал келуі мүмкін, сол себепті заң жауапкердің мүдделерін қорғау кепілдіктерін ескерген (И.М . Пятилетов). осыған байланысты заң жауапкердің мүдделерін қорғайтын келесі нормаларды ескерген:

1. ақшала соманы өндіріп алу туралы талап қоюды қамтамасыз еткен жағдайда жауапкер талап қоюды қамтамасыз етуге сот қабылданған шаралардың орнына соттың депозиттік шотына талап қоюшы талап ететін соманы енгізуге құқылы (ҚР АІЖК 162 б. 2 т.);

2. сот талап қоюды қамтамасыз етуге жол бере отырып, талап қоюшыдан жауапкер үшін мүмкін болатын залалдарды қамтамасыз етуді талап етуі мүмкін (ҚР АІЖК 165 б.);

3. жауапкер талап қоюда бас тартылған шешім заңды күшіне енгеннен кейін талап қоюшыға оның өтініші бойынша қабылданған оған талап қоюды қамтамасыз ету шараларымен келтірілген залалдарды өтеу туралы талап қоюға құқылы (ҚР АІЖК 163 б. 2 т.).

Сонымен бірге, жауапкерталап қоюды қамтамасыз ету сұрақтары бойынша сот йұғарымына наразылық келтіре алады және талап қоюды қамтамасыз ететін шаралардың күшін жою туралы немесе бір шара түрін басқасымен орын алмастыру туралы сотқа арыздана алады.

## Қорытынды

Сонымен қорыта келгенде, субъектілер, яғни азаматтық іс жүргізу құқығы азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысатын немесе қатыса алатын адамдар үш топқа бөлінеді.

1. Сот төрелігін жүзеге асыратын адамдар. Сот процестің ерекше қатысушысы болып табылады, себебі арнайы құрылған мемлекеттік билік органы ретінде сот төрелігін жүзеге асырады. Сотқа азаматтық процестің анық сатыларында басшылық рөл берілген. Іске қатысушы тұлғалар судьяға қарсылық білдірулері мүмкін, мұндай жағдайда судья ауыстырылып, істі басқа судья қарайды. Сот отырысының хатшысы азаматтық істерді қарау барысында сот отырысының хаттамасын жасайды және сот отырысына төрағалық етушінің басқа да тапсырмаларын орындайды. Сот отырысының хатшысы сотқа іс бойынша шақырылған адамдардың қайсысының келгенін, келмей қалған адамдарға хабарланғандығы туралы және олардың келмей қалуының қандай себептері бар екендігін хабарлайды.

Сот приставы — төмендегідей міндеттерді атқаратын адам: сот отырысы кезінде залдағы қоғамдық тәртіпті қадағалайды, сотқа іс жүргізу әрекеттерін орындауды жәрдемдеседі, сот ғимаратын, судьяларды және процестің басқа қатысушыларын қорғауды қамтамасыз етеді, соттың және басқа органдардың атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындалатын сот орындаушыларына көмек көрсетеді.

Сот орындаушысы — бұл мемлекеттік қызметтегі және заңмен жүктелген соттың және басқа органдардың актілерін орындау жөніндегі міндеттерді атқаратын лауазымды тұлға.

2. Іске қатысушы адамдар — тараптар; даудың нысанасына дербес талаптарын мілімдемейтін үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар; процеске қатысатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар; ерекше өндіріс тәртібінде сотта қаралатын істер бойынша өтініш берушілер және басқа да мүдделі адамдар. Іске қатушы адамдар өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануы тиіс. Осы тұлғалар іс жүргізу құқықтарын орындамаған жағдайда заңдарда азаматтық сот ісін жүргізу туралы қарастырылған салдарлар туындайды.

Іске қатысушы барлық адамдар екі шағын топқа бөлінеді: 1) өз құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар. Оларға; үшінші тұлғалар, яғни, ерекше өндіріс істері бойынша өтініш берушілер мен мүдделі тұлғалар кіреді, 2) мемлекеттік, қоғамдық мүдделерді не жеке адамдар мүдделері мен құқықтарын қорғайтын адамдар. Олар прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар.

3. Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін адамдар. Бұл топқа куәгерлер, сарапшылар, аудармашылар, мамандар, мүлікті сақтаушылар және басқалары кіреді. Мұндай адамдарда азаматтық іске заңды мүдделілік болмайды. Олардың азаматтық процестегі рөлі қосалқы-қызметтік болып табылады, олар сотқа істің нақтылы мән-жайларын анықтауға, оны дұрыс шешуге жәрдемдеседі және нақты әрекеттерді жүзеге асыруға көмектеседі, тап осындай көмекті олар іске қатысушы басқа да адамдарға көрсетеді.

## **Нормативтік құқықтық актілер**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (2016.04.21. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 ж., 1 шілде. (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
4. Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. 2015 ж., 23 қараша. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
5. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі, (2016.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қарашадағы Кодексі, (2016.21.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
7. Қазақстан Республикасының Орман кодексі. 2003 ж., 8 шілде. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
8. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 2003 ж., 20 маусым. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
9. Қазақстан Республикасының Су кодексі. 2003 ж., 09 шілде. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
10. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 2007 жылғы 9 қаңтар. (2016.25.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
11. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. 2008 жылғы 10 желтоқсан. (2016.28.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
12. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексі. 2015 жылғы 29 қазан. (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
13. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы, 1997 ж. 16.04. (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
14. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
15. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Сот қарастыруына азаматтық істерді әзірлеу туралы» № 21 нормативтік Қаулысы. 2001 ж. 13.12.

(2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-135 б.
2. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-289 б.
3. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Астана: ФОЛИАНТ, 2006.-388 б.
4. Касенова А. Ж. Талап қою құқығын іске асырудың шарттары (өзекті мәселелері): Заң ғыл.канд.ғылыми дәреж.алу үшін жаз.диссертац.автореф./ А.Ж. Касенова. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Оқу құралы /М.А.Аленов.
5. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2010 - 402с.
6. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие-2-е изд.,перераб.и доп. Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2011- 530с.
7. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебник. Алматы: ҚазМЗА, 2001 ж.
8. Баймолдина З.Х. Исковой порядок защиты прав в суде: Научно-практическое пособие / З.Х. Баймолдина. Алматы: Жеті жарғы, 2001.- 96 б.
9. Егорова О.А., Коршунов Н.М., Лабыгин А.Н., Мареев Ю.Л. Гражданский процесс: Учебник М. : ЮНИТИ, 2011 - 431с.-
- 10.Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.
- 11.Исковые заявления и другие письменные обращения в суд: Тәжірибелік құрал: Образцы.-2-е изд. Алматы: Изд-во LEM, 2003.-124 б.
- 12.Исковые заявления и другие письменные обращения в суд: Образцы: Тәжірибелік құрал/Под ред.Г.М. Нам. -3-е изд. Алматы: Издво LEM, 2006.-128 б.
- 13.Исковые заявления и другие письменные обращения в суд: Образцы процессуальных документов с комментариями: Тәжірибелік құрал / Сост.Г.М. Нам.-4-е изд.,перераб. и доп. Алматы:Изд-во LEM, 2007.-240с.: КНИГА+CD
- 14.Касенова А. Ж. Талап қою құқығын іске асырудың шарттары (өзекті мәселелері): Заң ғыл.канд.ғылыми дәреж.алу үшін жаз.диссертац.автореф./ А.Ж. Касенова. Алматы: Қазақстан Республикасы, 2006.-29 б.
- 15.Туманова Л. В. Гражданское процессуальное право [Электронный ресурс]: электронный учебник. М.: КНОРУС, 2011